



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Патент табиғаты





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Патент табиғаты

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Осыдан төрт жүз жыл бұрын Англия мен Уэльсте алғаш берілгеннен бастап патенттер қатты өзгеріске ұшырады. Бастапқыда, патенттер, бір немесе екі сөйлемнен тұратын қарабайыр құжат қана болатын. Одан бері патенттер анағұрлым күрделі, қиын және ұзақ құжаттарға айналды. Келесі тарауда өзіміз байқайтынымыздай, патент беру процесі қатты өзгерді. Патент формасы мен мазмұнына көп көңіл бөлінді. Егер патент жүйесінде қандай да бір симметрия немесе логика болса - ол патенттің мазмұны. Сондықтан, патент құқығының көптеген аспектілерін түсіну үшін патенттің мазмұны мен табиғатын жақсы білу керек. Бұл тарау патенттің табиғаты мен сипатымен таныстыруға арналған. Түсіндіру барысында, патентті сипаттаудың, әзірлеудің және оның мазмұнының түрлі тәсілдеріне тоқталамыз.

Ұлыбританияда патенттер түрлі тәсілдермен сипатталған. Көбінесе, патент дегеніміз, патент иесіне 20-жылдық кезеңге монополия құқығын беретін заңды құжат ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, патенттер, оларды беретін қйымдар тұрғысынан да сипатталады. Алдында өзіміз байқағанымыздай, Біріккен Корольдікте әрекет ететін патенттерді екі ведомство береді: Ұлыбританияның Интеллектуалдық меншік Ведомствосы (ИМВ) (IPO) мен Еуропалық патент Ведомствосы (ЕПВ) (EPO). Ұлыбританияда әрекет ететін патенттер «британдық патенттер» немесе «еуропалық патенттер (БК)» деген атаулармен белгілі. Британдық патенттерді ИМВ (EPO) береді және олар британдық заңнама ықпалында болады. Еуропалық патенттерді Мюнхендегі ЕПВ (EPO) береді; Еуропалық патент (БК) дегеніміз ЕПВ беретін және Біріккен Корольдікте пайдаланылатын патент. 2000 жылғы Еуропалық патент Конвенциясын енгізге дейін (ЕПК 2000), өтінім берушілер патенттері әрекет етуін қалайтын мүше-мемлекеттерді көрсетуі керек болатын. Керісінше, ЕПК 2000 бойынша, өтінім берілген уақыттан бастап, патент ЕПК-нің барлық мемлекеттерінде әрекет ете алатын болады. Екі жүйенің арасында бірқатар айырмашылықтар болғанымен, еуропалық патент (БК) берілгеннен кейін, ол Біріккен Корольдіктің ИМВ-сі берген патентпен бірдей деп есептеледі. Алдыңғы тарауда көрсеткеніміздей, тағы бір патент түрін енгізу жоспарлануда: ол біріңғай еуропалық патент деп аталады. Күшіне енсе, ол бүкіл Еуропаны болмаса да, оның көп бөлігін қамтитын жалғыз патент түріне айналады.

Патенттерді классификациялаудың тағы бір жолы олар қорғайтын объектімен байланысты. Кей жағдайларда, патенттер, патенттеліп отырған өнертабыстармен байланысты белгілі бір салаға немесе ғылым саласына сілтеме жасалып сипатталады. Мысалы, «химиялық патенттер» немесе «биотехнология патенттері» делінеді. Кейбір кездерде, патенттер қорғалатын мүдденің сипаттарына қарай классификацияланады, яғни ол «өнімге берілген патент», «процесске берілген патент» немесе «процесс арқылы алынған өнім патенті» деп бөлінуі мүмкін. Оларды біз келесі бөлімдерде қарастырамыз.

Әдетте, патент агенттері жүзеге асыратын патентті әзірлеу ісі патент процесінің маңызды бөлігі. Сонымен қатар бұл қиын да күрделі жұмыс. Бұл қиындықтар, бір жағынан, патент құқығымен қорғалған объектінің табиғатымен байланысты, атап айтқанда, кейде технологиялардың нақты формаларын патент құқығы талап ететіндей формада сипаттау немесе баяндау өте қиын. Кейбір жағдайларда, әсіресе биологиялық өнертабыстарға қатысты патенттік құқық оларға патентке қабілеттілік талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін нақты ережелер мен рәсімдерді әзірлеуге мәжбүр болды.

Патенттерді әзірлеу көбінесе күрделі процесс екендігіне тағы бір себеп - патенттер бір мезгілде техникалық, коммерциялық және заңды құжаттар болып табылады. Сондықтан, олар әр түрлі мақсаттарды ескере отырып жазылған. Өзіміз байқағанымыздай, патенттерді беру негіздемелерінің бірі - олар техникалық және ғылыми ақпаратты таратуға жағдай жасайды. Патенттерді өнертапқыштар мен мемлекет арасындағы келісім-шарт ретінде қарастыратын гипотетикалық патенттік мәміледе өтінімдегі ақпарат берілген монополия үшін «сый» ретінде қарастырылады. Патенттік жүйе өнертапқыштарды өздерінің техникалық өнертабыстарын ашуға ынталандырғанымен, патент иеленушілер өз патенттерін міндетті түрде заңмен белгіленген ережелер мен процедураларға сәйкес әзірлейді десек қателескен болар едік. Кейбір жағдайларда өнертапқыштар патент алуы мүмкін, бірақ патенттік өтінімдегі ақпаратты өз мақсаттарына сай етіп құрастырып, айла-шарғы жасауға да тырысады. Мысалы, өнертабыстарын ашумен қатар, өтінім берушілер, патенттерінің жобасын демеушілер тартуға немесе патенттерін жарнамалауға ыңғайлап әзірлеуі де мүмкін.

Патенттік өтінімде қамтылған ақпаратты өтінім берушінің бәсекелестері пайдалануы мүмкін екенін ескере отырып, өтінім берушілердің патент алу үшін қажетті ақпараттың ең аз көлемін ғана бере алатыны әбден түсінікті. Қазіргі кезде патент иелері өнертабыстарын бағзы замандағыдай жасыра алмайды, дегенмен, олар осы салада дағдысы бар тұлға өнертабысты орындай алуына қажет ақпарат бөлшектерін ашуға міндетті. Нәтижесінде, патентте, ең арзан немесе ең берік бастапқы материалдар сияқты өнертабыстың маңызды ерекшеліктері ашылмауы мүмкін. Бұл «ноу-хау», өнертабыс жұртшылық үшін



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Патент табиғаты

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

қолжетімді болған кезде, бәсекелестердің алдында патент иесіне стратегиялық басымдықты қамтамасыз ете алады. Сайып келгенде, өтінім берушілер өздерінің жеке мақсаттары үшін патенттер әзірлей алатын дәреже, патент ведомстволары мен соттардың ақпаратты ашу туралы талаптардың сақталуын қаншалықты қатаң түрде қамтамасыз ететініне байланысты.

Ұлыбритания және ЕПВ патенттері төрт негізгі бөліктен тұрады:

- аннотация;
- өнертабыстың сипаттамасы;
- бір немесе бірнеше өнертабыс формуласы;
- сипаттамада немесе өнертабыс формулаларында көрсетілген кез келген сызбалар.

Бұларды егжей-тегжей қарастырмас бұрын, есте ұстайтын бірнеше дүниелер бар.

Патенттің әр түрлі компоненттері әр түрлі рөлдерді орындайды. Аннотация сияқты кейбіреулері әкімшілік мақсатта да, патенттелген өнертабыстың бар екенін жарнамалау тәсілі ретінде де қолданылады. Патент түпнегізін құрайтын сипаттама мен өнертабыс формулалары тиісінше өнертабысты пайдалануға жарамды формада ашады және монополияның әрекет ету аясын белгілейді. Сондай-ақ патенттік өтінімнің мазмұны патенттің өзінен өзгеше екенін атап өткен жөн. Патент пен патентке арналған өтінімде сипаттама мен өнертабыс формулалары болса да, негізгі айырмашылық, патентке арналған өтінімде қосымша ақпарат - патент беруге деген сұраныс болады. Әкімшілік мақсатта пайдаланылатын патент беруге деген сұраныс, әдетте, өнертабыстың атауын (онда өнертабыстың техникалық белгіленуі нақты және қысқа көрсетілген), сондай-ақ өтінім берушілер мен патент сенімгерлерінің тиісті өмірбаяндық деректерін (егер ондай болса) қамтиды.

Ұлыбритания мен Еуропаның патенттері өте ұқсас болғанымен, олардың арасында кейбір айырмашылықтар бар екенін есте ұстау қажет. Олардың бірі патент компоненттерін сипаттау үшін қолданылатын тілге қатысты. Атап айтқанда, бұл, британдық патенттің түпнегізі «спецификация» болса да (ған өнертабыстың сипаттамасы, формулалар мен сипаттамада немесе формулалармен байланысты кез келген сызбалар кіреді), ЕПК (ЕРС) және Патенттік кооперация туралы 1970 (РСТ) шарт мазмұнның орнына «патенттік өтінімді» қолданады.

Ұлыбритания және ЕПВ (ЕРО) патентінің бірінші элементі - аннотация. Бұл өнертабыстың ең маңызды техникалық ерекшеліктерінің қысқаша мазмұны (әдетте 150 сөз). Әдетте, аннотацияда өнертабыстың атауы, объектінің спецификациясында берілген сипаттаманың қысқаша мазмұны және өнертабыстың қай техникалық салаға тиесілі екені көрсетіледі.

Патент аннотацияларының атқаратын екі негізгі міндеті бар. Біріншіден, оларды патент ведомстволары басқа патенттік өтінімдерді сараптау кезінде іздеу құралы ретінде пайдаланады.

Патенттің келесі элементі сипаттама болып табылады. Аннотация сияқты, сипаттама да патент жүйесінің ақпараттық функциясының орындалуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Көп жағдайда сипаттамалар ғылыми немесе техникалық жұмыстарға ұқсас: олар ненің жасақталғанын, өнертабыстың қандай қиындықтарды шешетінін, оның маңызын және оның өзге немесе алдыңғы өнертабыстардан айырмашылығын түсіндіреді.

Көп жағдайларда сипаттама өнертабыс тарихын сипаттаудан басталады. Бұл ретте, сипаттамада, әдетте қолданыстағы патенттерге және басқа да жарияланған құжаттарға сілтеме жасай отырып, техниканың қазіргі деңгейі мазмұндалады.

Өнертабысты осы саладағы адамдардың практикалық қолдануы мүмкін болатындай етіп ашылуын қамтамасыз ету үшін, патенттік құқық, өнертабыстарды ашу тәсіліне бірқатар шектеулер қояды. Жалпы деңгейде, өтінім, өнертабысты осы саладағы маман орындауы үшін жеткілікті анық және толық болатындай етіп сипаттауы тиіс.

Сипаттаманы патенттік өтінімге енгізудің негіздемелерінің бірі, жұртшылық өтінімде ашылған өнертабысқа қол жеткізе алады және оны пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Бұл, өнертабысты, сөздерді, сандарды немесе диаграммаларды үшінші тараптар оны түсініп, пайдалана алатындай етіп сипаттауға болады деген пайымға негізделген. Бұл пайым көптеген технологияларға қатысты әділ болса да, биологиялық өнертабыстарға келгенде солай деп айту қиын. Мұның себебі, өнертабыс, микроорганизмдер немесе өсірілетін жасушалар сияқты тірі материалдарды пайдалануға байланысты болған жағдайларда, өнертабысты жұртшылық оны жасай алатындай етіп сипаттау мүмкіндігі аз.

ЕПК (ЕРС) 200037 және ПЗ(РА) 197738, өнертабыс осы салада білікті тұлға өнертабысты жүзеге



асыра алатындай етіп сипатталуы мүмкін емес биологиялық материалды қамтыса, өтінім беруші осы биологиялық материалдың үлгісін «тиісті мекемеге» (немесе депозитарий) сақтауға тапсыруға тиіс.

Патенттің келесі элементі өнертабыс формулалары болып табылады. Сипаттаманың мақсаты патентте ашылған өнертабыстың белгілі бір практикалық қолданысы бар екенін көрсету болғанымен, оның негізгі қызметі патентке берілетін құқықтық қорғау көлемін анықтау болып табылады. Сондықтан, өнертабыс формулалары патент құқығында маңызды рөл атқарады.

Өнертабыс формулаларының иерархиялық орналасу себептерінің бірі - бұл патент иеленушілерге, патентке қойылатын кез келген заңды қарсылықтарға икемді әрекет етуге мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, өнертабыс формулалары иерархиялық түрде орналасса, патентті даулау, негізгі немесе ауқымды формуланың тар тұжырымдалған формулалардан бөлектенуіне әкеледі.

Көптеген патенттік өнертабыс формулаларының ерекшелігі, оларды қарапайым оқырманның түсінуі қиын. Бұл, патенттердің барша оқырман үшін емес, осы саладағы тиісті маман үшін жазылғанын ескерсек, таңқаларлық емес. Мамандар үшін жазылудан бөлек, өнертабыс формулаларын әзірлеу және оқу танымал және күрделі әдістерге және процедураларға негізделеді, сондықтан олар түсінуге күрделі. Түсінуді қиындататын тағы бір нәрсе, онда күнделікті сөйлеуде жиі пайдаланылатын сөздік қор қолданылмайды. Мысалы, адамдардың көпшілігі әдетте «тышқандар» дейміз, ал, өнертабыс формуласында олар «адами емес сүтқоректілер» делінуі мүмкін.

Өнертабыс формулалары патенттелген өнертабысты белгілеу және анықтау үшін қызмет ететінін ескере отырып, олар әрқашан жағдайдан жағдайға қарай өзгеріп отырады. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, өнертабыс формулалары, әдетте не қорғалған объекті негізінде, немесе өнертабыс формулалары тұжырымдалған тәсіл негізінде топтастырылады.

«Швейцариялық өнертабыс формулалары».

1. Өнімнің өнертабыс формулалары. БК заңнамасында бірінші мойындалған өнім өнертабыс формулалары патент түрі, жеке тұлғалардың немесе заттардың (өнімдер, аппараттар, құрылғылар және заттектер сияқты) қорғалуын қамтамасыз етеді.
2. Процесстің өнертабыс формулалары. Керісінше, патент құқығы он тоғызыншы ғасырдың басында мойындаған процесстің өнертабыс формулалары іс-шараларды немесе процесті (әдістер, процесстер немесе пайдалану түрлері сияқты) қорғайды.

[П]роцестер сипатталатын барлық өнертабыс формулаларын өнімді оның дайындалу тәсілі арқылы сипаттайтын өнертабыс формулалары санатының аясына енгізу дұрыс емес ... патент иесі өзі өтінім беріп отырған монополияны алу үшін, не белгілі бір процес арқылы дайындалатын өнімдерден бас тартуы керек, немесе белгілі бір процесс арқылы дайындалған өнім ерекшеліктері жоқ өнімнен ғана бас тарта алады.

Өнімді оның дайындалу тәсілі арқылы сипаттайтын өнертабыс формулалары, ЕПВ мен Біріккен Корольдікте, өнім оның құрамына, құрылымына немесе өзге де тексерілетін параметрлерге деген сілтеме арқылы қажетті деңгейде анықтала алмаған» жағдайда қабылданады.

Функционалдық өнертабыс формулалары өнертабысты, құрылымы немесе элементтерін көрсету арқылы емес, ол атқаратын қызметке немесе мақсатын көрсете отырып анықтайды, яғни өнертабыстың не екенін сипаттағанның орнына, функционалдық формуласы өнертабыстың қызметін түсіндіріп береді. Мысалы, бактерияның модификацияланған формасын оның элементтері мен құрылымдары тұрғысынан түсіндірудің орнына, өнертабысты ластайтын заттектермен қоректенетін бактерия ретінде, оның қызметін көрсету арқылы сипаттала алады.

Өнертабыс формулаларының формалары бірқатар түрлі ережелер мен процедуралар арқылы реттеледі.

Патенттің соңғы компоненті сызбалар. Олар өнертабыстың бейнесін қамтамасыз етеді. 93 Сипаттамалықпен қатар, сызбалардың өнертабыс формулаларын интерпретациялау қызметі де бар.